

Бекітемін:   
 №17 «Айгүл» бөбекжай-балабақшасының  
 меңгерушісі міндетін уақытша  
 атқарушы: **І.Калымбетова**

**№17 «Айгүл» бөбекжай-балабақшасының «Балдырған» тобының  
 2025-2026 оқу жылында ата-аналармен бірлесіп атқаратын жұмыс  
 жоспары**

р/с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	1. Жалпы ата – аналар жиналысы Ата-аналар комитетін сайлау 2. «Тазалық – денсаулық кепілі» (Медбикелік кеңес)	I тоқсан	Топ тәрбиешілері  медбике Ата-аналар
2	1. «Бала біздің – болашағымыз!» 2. «Смортфонсыз бала өмірі» (Жадынама) 3. Дені саудың-жаны сау	II тоқсан	Топ тәрбиешілері Дене нұсқаушысы Ата-аналар
3	1. «Кітап – рухани қазына» (Кеңес) 2. Кітап бұрышы (Ата-анамен бірлескен жұмыс) 3. Бала тілінің болашаққа әсері	III тоқсан	Топ тәрбиешілері Логопед Ата-аналар
4	1. «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы!» (Баяндама) 2. «Мейірім әлемді құтқарады»	IV тоқсан	Топ тәрбиешілері Психолог

## Хаттама

Өткізілген күні: 05.09.2025

Тобы: «Балдырған»

Қатысқан ата-аналар саны: 14

Тәрбиеші: Емберген Қ, Алиева А

### • КҮН ТӘРТІБІ:

Ата-аналар комитетін сайлау

«Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында медбикелік кеңес

Әртүрлі мәселелер

1. Ата-аналар комитетін сайлау

Тыңдалды:

Тәрбиеші ата-аналар комитетінің міндеттерімен таныстырды. Комитет балабақша мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсету, балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты ұсыныстар енгізу мақсатында құрылатыны айтылды.

Ұсынылды:

Комитет төрайымы/төрағасы: Ұланбай Тұрсынай

Мүшелері: Ерболат Күнім, Жиеңей Әсел

Шешім:

Ұсынылған ата-аналар ашық дауыс беру арқылы бірауыздан сайланды.

2. «Тазалық – денсаулық кепілі» медбикелік кеңес

Тыңдалды:

Балабақша медбикесі балалардың жеке бас гигиенасы, дұрыс тамақтануы, күн тәртібін сақтау және маусымдық аурулардың алдын алу туралы түсіндірме жүргізді.

Ата-аналарға балалардың қол жуу дағдыларын қалыптастыру, таза киіммен келуін қадағалау, ауырған жағдайда баланы балабақшаға әкелмеу жөнінде кеңестер берілді.

Шешім:

Медбикенің ұсыныстары назарға алынды. Ата-аналар балалардың денсаулығына жауапкершілікпен қарауға міндеттелді.

*«Бала біздің – болашағымыз!»*

*(Баяндама)*

*Тәрбиеші: Алиева А*

## Бала – біздің болашағымыз!!!

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет. Кейін оны оқ жеп бармақ тістемеу үшін бағаны қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан жөн. Бала бақытының кепілі - ата - ананың өпеселі тәрбиесінде. Отбасы - адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Дүниеге келген сәбиі тәндік жағынан оқумен қамтамасыз етіп, өзір бойы рухани жағынан жетілдіріп, оны тұлға ретінде қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты. Баланың отбасындағы тұлғалық қасиетін жетілдіретін жағдайдың бірі - отбасы ішлік және отбасынан тысқары атқарылатын еңбек. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттігін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Сондай еңбектің барысында баланың жауапкершілігі артып, еңбек ету қажеттігін түсінеді. А. С. Макаренко «Ата - аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырмаған деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетініңіз, сөйлейтініңіз, қалай күлгеніңіз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрекілік көрсетіп, жұлбайыңызды жәбірлесейіз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», - дейді. Жақсы перзент ата - ана қолындағы аманаты. Отбасында баланың жан дүниесін рухани пәктігіне тәрбиелеген абзал. Отбасында ата - ананың ықпалына бөленіп, тәрбие көріп өскен бала балабақшада да мектепте де өз ісіне жауап бере алады.

Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Үйде балаларды жазу сызуда, ауылға есепке машықтандыру, оларға қызықты әңгімелер айтып беру сияқты істермен қоса оларды бір мезгіл үй шаруасымен айналыстырып отырса, бала үшін оның маңызы зор. Бұл ретте бала біріншіден білімге құштар болса, екіншіден ол еңбекке бағдыланады. Ал еңбек пен білім егіз екенін естен шығармауымыз керек. Жас жеткіншекке жанұяда дұрыс тәрбие берілсе, болашақта одан үлкен нәтиже күтуге болады. Дұрыс тәрбие алған бала ата - анасын құштып отырады. Балаға дұрыс тәрбие берудің өзекті бір саласы жас жеткіншекті еңбекке деген әлеуметтік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұны тек мұғалімдер ғана емес әрбір ата - ана қолға алып, өз балаларының гул, алаш егіп, ауланы көгалдандыру сияқты игілікті іске қатысуын қадағалап отыруы керек. Сонда ғана еңбексүйгіштік қасиет берік бағдыға айналады. Еліміздің болашағы - ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Сол тәртіпті, тәрбиелі ұрпақ өсіру - баршаға ортақ әрі міндет. Құрметті ата - аналар, балаларыңыздың бойынан жат қылық көрсейіздер, мұғалімдерді жолдасстарың, қоғамды кінәлаудан тәрі, «мен баламды тәрбиелеуде қай жерінен алаптық кетті, баламның бойына жақсы әдет сіңіруде, жақсы тәрбие беруде қай жерден жаңылдым» деген ой түйсеңіздер екен. Тәрбиенің от басынан басталатыны сөзсіз. Күнделікті «беті қолыңды жу, тісіңді тазала, өтірік айтпа, біреудің затын рұқсатсыз алма т. б.» деген сияқты сөздерді айтуға жеңіл болғанмен, осы сөздердің тәрбиелік мәні зор екенін естен шығармау керек. Осыдан бала тазалыққа, шыншылдыққа, ұқыптылыққа үйренеді. Адам баласының шыр етіп өмірге келгенде көретіні ата - ана, ал ата - ана өмірінің жалғасы - бала. Өмірінің жалғасы баласының керемет ғалым болмаса да, тәрбиелі үлгілі, ақылды кишіпейіл, бауырмал, мейірімді болып өсуін ата - ана қадағалайды. «Тәрбие басы таз бесік», «Үяда не көрсен,

ушқанда соны ізерсің» деп айтылған осы сөздер текке айтылмаса керек. Баланы тәрбиелеуде ата – ананың бір – біріне деген қарым - қатынасы, қалай сөйлесетіндігі, туған – туыспен, көрші - көлеммен қалай араласатындығы, келген қонақты қалай сыйлайтыны, тіпті ұсақ-түйек болса да қалай тамақтанатыны, дастархан басындағы әдептілігі, қалай киінетіні бұның барлығы балаға әсер етеді. Бала үлкенге қарап өседі. Баланы үнемі ұрып - соғып, қателескен жерінде қатаң жазалап тәрбиелеудің қажеті жоқ. Ақылмен, мысал келтіре отырып түсіндіру керек.

Баланы адамгершілікке, қарапайымдылыққа, жақсы әдетке, әдемілікке, әдептілікке ұқыптылыққа, жауапкершілікке сөзбен жеткізе отырып тәрбиелеуге болады. «Жақсы сөз жан азығы» деп бекер айтылмаса керек. Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы Адамды тәрбиелеу. Бүгінгі күні біз – әлем халқы, бір кісідей жаңа дәуір, жаңа ғасыр - жаңа мыңжылдыққа аяқ басып отырмыз. Шәкәрімнің: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл саналар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді»- деген сөзі бар. Адамгершілікке тәрбиелеу ісі білім берумен гана шектелмейді. Бұл баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін оятудың нәтижесінде оның дүниетанымын қалыптастырады.

Ана - тілінің тағдыры отбасынан басталады. Рухани байлық дүниетаным, түсінік, рух, иман отбасынан осы түсініктері о ана - тілі арқылы халықтың сарқылмас мол рухани қазынасынан сусынбаса, өзіміздің дәстүрлі ұлттық дүниетанымымыздың арнасында әлемдік өркениет жетістіктерін игеріп терең меңгерсек, ешкімге еселізді жібермейтін дәрежеге жетсек, онда дербес ел ретінде нық тұрамыз. Қазақ халқы баланы дүниедегі барлық асылдан жоғары бағалаған, болашағына, арманына бағалаған. Сондықтан да халқымыз «Баланы үй - базар, баласыз үй - мазар» деп асыл сөзін арнаған.

Қазіргі уақытта бала тәрбиесінің табысты болуы ата – аналардың тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің өзара қарым – қатынасына, көзқарастарының және мақсаттарының бірлігіне байланысты. Ол үшін ата – аналар күнделікті өмірде балаларының мінез – құлқына, қажетті қасиеттерінің қалыптасуына назар аударуды, тәрбие үрдісінде теріс қылықтарды болдырмауды ойластыруы шарт. Отбасында тәрбие ісімен айналысу үшін, ең алдымен ата – ана өз өмірін, өз ісін дұрыс ұйымдастыра білуі қажет.

Баланың көп уақыты саби шағынан бастап отбасында өтеді. Оның өмірін, іс - әрекетін, демалысын бірқалыпты ұйымдастырып, реттеп отыру үшін қажетті жағдай керек. Ал жағдай ұтымды кун ырыағы негізінде жасалады. Кун ырыақ – бұл өмір тәртібі. Ал бала өз міндетін қашан да орындауға тырысады. Отбасында бала әр нәрсені естиді, көреді, қалай өмір сүру керек, өзін - өзі қалай ұстай білу керек, жағымды, жағымсыз мінез – құлықтарды байқайды. Сондықтан ата – ана балаға үңіле қарап, үнемі бақылап бала жас дүниесіне оң әсер ететін іс - әрекеттері оғдыға айналдыру керек.

## Хаттама №2

Өткізілген күні: 28.10.2025жыл

Тобы: «Балдырган»

Қатысқан ата-аналар саны: 17

Тәрбиеші: Алиева А, Емберген Қ

### • КҮН ТӘРТІБІ:

«Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында баяндама

«Смартфонсыз бала өмірі» жадынамасымен таныстыру

«Дені саудың жаны сау» тақырыбында денешынықтыру нұсқаушысының кеңесі

1. «Бала – біздің болашағымыз» баяндама

Тыңдалды:

Тәрбиеші «Бала – біздің болашағымыз» тақырыбында баяндама оқыды. Баяндамада баланың тұлғалық дамуы, отбасы тәрбиесінің маңызы, ата-ананың үлгі болуы, мейірім мен қамқорлықтың бала өміріндегі рөлі туралы айтылды.

Шешім:

Ата-аналарға бала тәрбиесінде жауапкершілікті күшейту, балаға қолдау көрсету және жағымды орта қалыптастыру ұсынылды.

2. «Смартфонсыз бала өмірі» жадынамасы

Тыңдалды:

Тәрбиеші ата-аналарды «Смартфонсыз бала өмірі» тақырыбындағы жадынамамен таныстырды. Балалардың гаджеттерді ұзақ қолдануының зияны, көру қабілетіне, жүйке жүйесіне әсері туралы түсіндірілді.

Ата-аналарға:

Баланың экран алдында отыру уақытын шектеу;

Телефон орнына дамытушы ойындар ұсыну;

Отбасылық уақытты көбейту ұсынылды.

Шешім:

Жадынама мазмұны ата-аналардың назарына алынды. Ұсыныстарды орындау келісілді.

### 3.«Дені саудың – жаны сау» (денешынықтыру нұсқаушысы)

Тыңдалды:

Денешынықтыру нұсқаушысы балалардың денсаулығын нығайтудағы қимыл-қозғалыстың маңызы туралы айтты. Таңғы жаттығулар, таза ауада серуендеу, спорттық ойындардың пайдасы түсіндірілді.

Шешім:

Ата-аналарға балалардың күн тәртібіне дене жаттығуларын енгізу ұсынылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыруға бірлесіп жұмыс жасау келісілді.

Жиіалыс төрайымы/төрағасы: Емберген Қ

Хатшы: Алиева А

**«Смортфонсыз бала өмірі»  
(Жадынама)**

**Тәрбиеші: Алиева А**

Смартфондар базалардың «қымыл-қозғалысымен азайтып депрессивке ұшыратыды» деген ата-аналар «технология өмірлік бағдына айналуы тиіс» деген көзқарастың мықпалынан шыға алмауда. Бірақ психолог дәрігерлер жасөспірімдердің психикалық ауруларының экспоненциалды өсуінен қорқа бастады.

*«Смартфонсыз балалық шақ» қозғалысы қарқын алуда*

Онлайн өмірдің балаға әсерін талдаған *Financial Times*-тың мақаласында смартфондардың пайдасы мен зияны бағаланған. *Aikyn.kz* осы материалдың негізінде мамандардың қорқынышы қаншалықты негізсіз екенін түсіндіреді.

*Баланы телефонмен жұбатуда болмайды.*

Ата-аналар балалары үйде отырып-ақ виртуалды әлемнің «жыртқыштары мен қаскөйлерінің» құрбаны болады деп қорқады. Бірақ телефон балалардың қауіпсіздігі үшін GPS арқылы бақылау үшін де керек.

*Ал мамандар болса, 2010 жылдан смартфондар кең тарала бастағаннан бері жасөспірімдердің психикалық аурулары еселеп өсе бастағанын айтып дабыл қағуда.*

Әлеуметтік психолог *Джонатан Хайот* өзінің жаңа кітабында «Мазасыз ұрпақ» атты кітабында смарт құрылғылар мен ата-аналардың балаларын шектен тыс қорғауы балалардың балалық шақтағы дамуын «бұрмалағанын» айтады. Ол 14 жасқа дейінгі балаларға смартфонды қолдануды, 16 жасқа толмағандарға әлеуметтік желілерді тыйым салуды талап етеді.

Соңғы уақытқа дейін бұл орындалмайтын мақсат деп саналды. Бірақ соң қозғалған сыяқты. *Флорида* губернаторы *Рон ДеСантис* өткен аптада (25 наурыз) 14 жасқа толмаған балаларға әлеуметтік желілерге аккаунттар ашуға, пайдалануға тыйым салатын және бүгінге дейін тіркелген жазбаларды жоюды талап ететін заң жобасына қол қойды.

Әлеуметтік желілер әлі қатыптасып үлгермеген баланың психикасына ауыр соққы.

Мұндай заңға қарсылар да табылды. Олар мұндай тыйымдар Конституцияға қайшы келеді және ата-аналардың балалары үшін не жақсы екенін шешу құқығына нұқсан келтіреді деп санайды. Ал әлеуметтік медиа мен онлайн ойындардың әлі қатыптасып үлгермеген баланың психикасына ауыр соққы екенін олар ескермейді.

Дегенмен қоғамдық пікір де өзгере бастады. Жүргізілген сауалнамалар смартфондарға тыйым салуды қолдайтын ата-аналар санының артып келе жатқанын көрсетеді. Ұлыбританияда *Parentkind* қайырымдылық қорының жарыны жүргізген сауалнамасы бастауыш мектеп жасындағы балалардың ата-аналарының 77%-ы 16 жасқа толмаған балаларға смартфон қолдануға тыйым салғысы келетінін көрсеткен. Ата-аналар бастаған «Смартфонсыз балалық шақ» қозғалысы да қарқын алуда. Бізге зомби ұрпақ керекі жоқ, бізге баланақ керек.

Қытай болса қауіп-қатерді көруде әлдеқайда алға келеді. Оның кәсіпкер-кеңестікте реттеуші мемлекеттік органы өткен жылы 18 жасқа толмаған балаларға смартфон құрылғыларды күніне екі сағат артық қолданбауы тиіс деп жариялады. Қытайлық жасөспірімдер ByteDance компаниясының TikTok қытайлық нұсқасы Douyin-ді күніне 40 минуттан артық көре алмайды.

Сонымен қатар батыстық TikTok жасөспірімдер үшін күніне бір сағат уақыт шектеуін енгізді. Қытайдың өз балаларық технологияның шектен шығуынан қорғауда әлдеқайда тиімді екендігі батыс елдерінің заң шығарушыларын ойшандыруы керек.

Бірақ гиперактивті қолданбалар мен тәуелді алгоритмдер қазірдің өзінде қауіп төндіруде. Өйткені олар балалардың психикалық тұрақтылығын және олардың оқу қабілетін төмендетеді. 2022 жылы америкалық жасөспірімдердің үштен бірі YouTube, TikTok, Instagram, Snapchat немесе Facebook-тің кем дегенде біреуін «үнемі дерлік» қолданатынын айтқан. Қазірдің өзінде америкалық қоғам «егер біз зомби ұрпақ өсірсек, Қытаймен жасанды интеллект немесе басқа салаларда шайқаста жеңуіміз екіталай» деген көзқарасқа бұрыла бастаған.

Англияда мұғалімдерге сәмкелерді тінту және құрылғыларды тәркілеу құқығы берілген. Франция, Италия және Нидерланды мектептерде смартфондарды пайдалануға тыйым салды. Англия биыл мұғалімдерге сәмкелерді тінту және құрылғыларды тәркілеу құқығын берді. Бірақ үй мен мерекелерді қалай жеңеміз? Бұл жерде ата-аналар балаларға үлгі болулары тиіс.

Ата-аналар заңсыз басқара алатын жалғыз нәрсе – бұл өз құрылғыларын аз пайдалану. Үстел басында смартфонды қарап отырып, балаларыңызға технологияның зияны туралы айтудың пайдасы жоқ. «Бұл жұмыс үшін керек» деген сөздер де көмектеспейді.

Смарт құрылғылардың жаман қасиеттерінің бірі – ата-аналар балалары оларға кейдегі келтірмес үшін смартфон беріп, оларды алдаусырату. Баланың тыныш отыруы үшін бұл әдіс көптеген отбасыларда жаман әдетке айналған.

Қытай Коммунистік партиясы мен барлық технологиялық компаниялардың басшылары қазірдің өзінде балаларын бұл «смартфон қарғысынан» қорғап жатыр. Қазақ елі де қоғам болып, отбасы болып ақылға салып, технологияның бүгінгі жас ұрпаққа жасап жатқан зияны әрі бақылаусыз экспериментін тоқтату керектігі.

Бұл дені сау, ақылды ұрпақ тәрбиелеу үшін қажет!

## Хаттама №3

Өткізілген күні: 13.02.2026

Тобы: «Балдырған»

Қатысқан ата-аналар саны: 16

Тәрбиеші: Алиева А, Емберген К

### • КҮН ТӘРТІБІ:

«Кітап – рухани қазына» тақырыбында кеңес

Топта кітап бұрышын жасау (ата-аналармен бірлесіп)

«Бала тілінің болашаққа әсері» тақырыбында логопед кеңесі

1. «Кітап – рухани қазына» кеңес

Тыңдалды:

Тәрбиеші балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, ертегі оқу арқылы ой-өрісін дамыту, сөздік қорын байыту туралы айтып өтті. Кітап оқу баланың қиялын дамытып, рухани байлығын арттыратыны түсіндірілді.

Шешім:

Ата-аналарға үйде балалармен бірге күнделікті кітап оқу ұсынылды. Балалардың жас ерекшелігіне сай кітаптар таңдау керектігі ескертілді.

2. Кітап бұрышын жасау

Тыңдалды:

Тәрбиеші топ ішінде арнайы кітап бұрышын ұйымдастыру туралы ұсыныс айтты. Бұл бұрышта ертегі кітаптары, суретті әдебиеттер, дамытушы кітаптар орналастырылатыны айтылды.

Шешім:

Ата-аналар кітап бұрышын жасауға атсалысуға келісті. Қажетті кітаптар мен көрнекіліктерді бірлесіп жинау шешілді.

3. Бала тілінің болашаққа әсері» (логопед кеңесі)

Тыңдалды:

Логопед маман баланың дұрыс сөйлеуінің маңызы, тіл дамуының мектепке дайындығына әсері туралы баяндады. Дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорды дамыту, артикуляциялық жаттығулардың пайдасы түсіндірілді.

Шешім:

Ата-аналарға балалармен күнделікті тіл дамыту жаттығуларын жүргізу ұсынылды. Логопедтің кеңестері назарға алынды.

Жиналыс төрайымы/төрағасы: Алиева А

Хатшы: Емберген К

№17 «Айгул» балиқшы бағалықшысы

**«Кітап – рухани қазына»  
(Кеңес)**

**Тәрбиеші: Алиева А**

2025-2026 оқу жылы

*«Адамды тәуелсіз өмір үшін рухани жағынан дайындау үшін оны кітап әлеміне енгізу керек».*

*В.А. Сухомлинский*

**Мақсаты:** *ата-аналардың назарын балаларға көркем әдебиетке қызығушылықты дамытуға тарту.*

*Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлеуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөз құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының мөлшеріне баса көңіл бөлген жөн. Сәбилердің дүние танымын кеңейтіп, ойын өрістетіп тіл байлығын жетілдіруде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше.*

*Балаға әңгімелеп айтуға, оқып тыңдауға, жаттауға арналған материал оның даму деңгейіне, балаға түсінікті, олардың сөз қорын жаңа сөздермен байытатындай болуы керек.*

*Баланың тілін дамытудың негізгі көзі – көркем шығарманың мәтіні екеніне ерекше тоқталып өтетін болсақ, 3-4 жасқа дейінгі балалардың суретті кітапты қызыға қарайтыны мәлім. Сондықтан оларға суреті айқын кітапшаларды көрсетіп, мазмұнын айтып беру қолайлы.*

*5-6 жастағыларға кітаптан көлемдірек ертегі, әңгіме оқып беріп, оқыған шығарманы 15-20 минут тыныш тыңдай білуге, әңгімелеп беруге үйрету қажет. Сондай – ақ оқыған әңгіме, ертегі мазмұнына сай бір оқиға төңірегінде сурет бойынша әңгіме құрап айтуға мүмкіндік жасау керек.*

*Бастауыш сыныптардың бағдарламасының күрделі және көлемді екенін және оны оқуды білмейтін, оның бағытын меңгеру үшін кейде қиын болғаны жақсы мәлім. Алғашқы сынып оқушыларына әсіресе қиын. Басқа мағынада, балаларды оқуға қабілетті. Оқу процесіне ену оңай, олар білімнің жаңа кезеңінде қолайлы. Балаларды кітап оқуға баулу*

*Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, оған қоса адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, шынайы, адалдық, үлкендерді құрметтей білу сияқты асыл қасиеттер бала бойына кітап арқылы біртіндеп сіңеді. Баланы кітап оқуға көбірек баулу және пайдалы оқу үшін, ең басты балаларға кітапты сүйеге көмектесу керек. Қазіргі балалардың көбінің қиялдары компьютерлік ойындарға ауып кетуіне қарамастан, кітапханашылар мен ата - аналарда, балаларға кітап әлемін сыйлау мүмкіндігі және құрғы қалады. Кітап оқуға үйрету үшін ең алдымен ата - анаға кеңес беру керек. Балаға бір жасынан - ақ кітап ұстатып үйреткен дұрыс. Яғни, ол сәби кезінен бастап кітапты көруге тиіс. Баланы кітапқа қызықтыру үшін суретті, санамақ кітаптардан бастау керек. Үнемі газет - журнал, кітап оқып отырған ата - ананы көрген бала да кітапқа қызығып өседі. 4 - 5 жастан бастап әңгіме, ертегілер оқуға болады.*

*Баланы мектепке дейін оқуға үйретудің көптеген жолдары бар және олардың әрқайсысы өзінің жағынан жақсы. Бірақ мыналарды ескеру өте маңызды:*

1. Оқу жүйесі мектеп бағдарламалары бойынша келісілуі керек және когнитивті негізде болуы керек.

2. Баланы тітіркендірмейтін және балағат етпейтін ойын әдістерін қолдану қажет.

Бесінші ғасырдың балалары сауаттылыққа барыпша бейімделеді, өйткені олар қиялдың өткірлігі мен жарықтығымен ерекшеленеді. Дегенмен, сәбилердің есте сақтауы мен көңіл-күйі өте тұрақсыз, сондықтан білімдер біртұтас болу үшін бірнеше рет танысуға қайта оралу керек.

Құрметті ата-аналар! Есіңізде болсын: сауаттылық - баланың өміріндегі шешуші кезең. Және бұл қаншалықты жақсы болады сізді көп байланысты, сіздің шыдамдылық, махаббат, меірімділік.

Оқуға байланысты барлық нәрсеге ишанайы қызығушылық таныт. Қандай жағдайда болмасын немоқұрайдылық пен басқа да жағымсыз аспектілердің «қатаң қысымына» жол бермеңіз. Балаға өз күшіне сенуге беріңіз. Өзіңізге сәттілік сезініп, өзіңіз үшін кішкене жаңалықтарды жасаңыз және байланысу үшін қуана-қуана хабарласыңыз. Ойлануға, бастамашылығын, шығармашылығын көрсетсін; баланың тілегінен өтуге тырысыңыз және оны оқығаныңызбен бас тартпаңыз! Кітап оқу баланың ой - өрісін кеңейтеді, ойлауға үйретеді, сөйлеу қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады, танымдық және дамытушылық қызметін анықтайды. Баланы кітап оқуға көбірек баулу және пайдалы оқу үшін, ең басты балаларға кітапты сүйеге көмектесіп, алдын ала бос уақытында оқитын кітаптарының тізімін белгілеп, оны ата - анасы өздері ұсынуда болады. Баланы жас кезінен кітапты құрметтеуге және оны күтін ұстауда баулыған жөн. Сондай - ақ, білімнің бір көзі - балалар басылымы. «Айгөлек», «Балдырған», «Мәзгір бұлақ», «Ақ желкен» журналдарына алып, оқып отырса, баланың білімі мен танымы талабына сай болады. Немістің ұлы ақыны Гете: «Көкірегі ашық адам оқи білуді үйренудің қаншалықты қиын екенін біледі, мен бұған сексен жыл өмірімді арнадым, бірақ әлі кітап оқуды толық үйрендім деп айта алмаймын» деген екен. Балаға кітап оқуды үйретудің алғы шарттары:

1. Кітаптың құдіретін ұғындыру. Оны жыртпауға, тік отырып оқуға үйрету. Автордың кім, не жайында, қай жылы, қайдан шыққаны туралы білуі шарт.

2. Кітапты түсінбей құр оқудан сақтандыру керек, талғап оқуға, одан көз - қарасын білдіре алуға, қысқаша фабула жазуға үйрету. Фабула - баяндалатын оқиғалар желісінің қысқаша мазмұны.

3. Оқыған кітабының ішінде түсінбеген сөзді не мақал - мәтелдерді, не дәйек сөздерді теріп жазып алуға арнайы дәптер аштыру керек. Осыдан келіп ол баланың еңбек етуге құлшынысы туады, зейіні артады, талғамы өседі, көп оқуға тырысады, сөздік қоры молайды. Кітап оқуға қызығушылық ерте балалық жастан қалынады және осы жерде көбі ата - анаға байланысты болады. Отбасы баланың тұлғасын дамытуға ортасы болып табылады, оқуға деген қажеттілік, қызығушылық пен сүйіспеншілік қалыптасады. Сондықтан баланы уақытында оқуға үйретіп қана қоймай, оны оқуды жақсы көруге ұмтылдыра білуіміз керек. «Өзіңді - өзің тану үшін кітап керек, өзгені тану үшін де кітап керек» депті атақты авар ақыны Р. Гамзатов. Адам айнаға қарап, бет - жүзіндегі өзгерістерді көретіні сияқты кітап арқылы да жаңа әлемді таниды. Басқа бір елдің, қоғамдық міндетін, тілін, дінін, тұрмысын, салт - дәстүрін біледі. Кітап - рухани қазына, байлық, өмір айнасы, замана сырғы, тарих шежіресі, оқу - тәрбие құралы. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» - деп Абай Құнанбаев атамыз айтпақшым.

адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына баш кезінен бастап, өмірінің соңына дейін сырлас досы бола алады.

*Қандай кітаптар таңдау керек?*

Базаға кітап сатып алған кезде, өзіңізді қараңыз. Бұл кішігірім бөлшектері жасамай, түрлі-түсті, түсінікті, шынайы суреттермен болуы керек. Жаңадан бастағандар үшін сөздер мен сызбақтар арасында жеткілікті аралықтармен 6-8 мм жоғары қаріпті оқыңыз. Бір бетте үлкен сурет үш немесе төрт жол мәтінмен бірге жүрсе. Шрифт қаранайым болуы керек және базалардың жасына сәйкес келеді - мәтінді дәйекті оқуға барғанда 3,5 мм кем емес. Жылтыр қағаз балаларға арналған кітаптарды оқуға жараммайды.

*Оқу гигиенасы.*

- Оқып отыру керек! Оқуды бұрғандар көзге зиян келтіреді.

- Оқып жатқанда, шілдісіз тұту отыру керек.

- Бала пайдаланатын жиһаз оның өсуіне сәйкес келуі керек.

- Жарық сол жаққа, бірақ артынан емес, оң жаққа түсіп кетуі керек, өйткені көлеңке жасайды және оқылуды болдырмайды.

«Көздерің шаршаған кезде оқымайсың». Шаршау алдында оқымаңыз. Тамақтан кейін дереу оқу тиім - бұл ас қорытуға кедергі келтіреді!

Балалармен тәрбие жұмысын жүргізуде кітапхананың ерекше маңызы болатын себебі: бала кезде оқыған кітап көңілге ұялап қалады, бүкіл өмір бойына өзінің ізін қалдырады.

Кітап оқу мәселесі бүкіл ұлтты толғандыруға тиіс. Кітапқа деген құштарлық – бұл тек кітапханашының ғана жұмысы емес, сынып жетекшісінің және ересектердің де жауапкершілікті болуы. Жастардың рухани өуіне де көп көңіл бөліп, көркем әдебиеттерге деген қажеттілікті арттырып, оқуға ынталандыруымыз керек, кітап оқуды насихаттау үшін жоғарғы деңгейде кітапханалық сабақтар, кездесулер, ауызша журналдар, сайыстар, ертеңгіліктер ұйымдастырып, оқырмандар суындайтындай, ой - пікір туғызатындай етіп өткізу. Кітапхананы шынайы мәдениет ошағына айналдыру. Сондықтан мәдени ошақтарды жандандыру, оның ішінде балаларға қызмет көрсететін мектеп кітапханаларының еңсесін көтеру, дәстүрімізді сақтай отырып, өскелең ұрпақтың білімін, рухани байлығын арттыру, тиімді ақпаратпен қамтамасыз ету өз қазымызда.

№17 «Айгүл» бөбөкжасай балабақшасы

*«Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы!»  
(Баяндама)*

*Тәрбиеші: Алиева А*

### *«Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы»*

Отбасы – адам баласының алтын дінгегі, өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі.

Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес. «Ел болам десен, бесігіңді түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе?

Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар.

Атақты қазақтың ақыны Қасым Аманжолов өтінің жарына арнаған бір өлеңінде:

Отбасы – шағын мемлекет,

Мен – президент, сен – премьер,

дегені бар.

Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен енім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, кәсіпкерлік ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын пашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында.

Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балағатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты. «Әрбір баланың мінез құлқы ата - анасының жағымды іс - әрекетінің үлгі алуы барысында қалыптасады.» деп Павлов айтпақшы баланың мінез - құлқы өскен ортасына, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата - ана бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы, өзін көретін айнасы.

«Үяда не көрсен, ұшқанда, соны ілерсін», «Анасына қарап, қызын ал», - деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан. «Ата – ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең» деп Дулат Бабатайұлы айтпақшы ата – ана баласының түйсігіне қандай іс салса, бала сол жолмен жүре беретіні белгілі.

Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шүрк-тесік құрым киіз лапығына қайтып оралғанда Жиренше шешен: «Айхай, менің өз үйім, кен сарайдай боз үйім», - деп, жаны жай тапқан екен. Бұл аңызда үлкен шындық, терең мән бар. Әркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кен де керемет мекен жер жүзінде жоқ. Кавказ халықтарында «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – ошағы, ер жігітке - өз үйі» – деген тамаша нақыл бар.

Адалдықпен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықпалас-пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді.

Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шешесі, бұлар – жаңа мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі.

Сондықтан қазақ жаңа әлеміне: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыйпаулық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған. «Бала тәрбиесі-бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым несі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек», - деп қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Мағжан Жұмабаев дәл тауып айтқан.

Отбасы – адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы. Ұлтымызда «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» деген дана сөз бар. «Баладан қыран болып ұшу үшін, оны самғатып ұшырататын ата немесе әке де қыран болу керек» деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқталған. Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі:

- бала тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға қарағанда ең басым болып келуі;
- өркениетті, зайырлы, құрлық қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны;
- отбасы – болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырамайтын басты тірек – арқауы;
- отбасы – жеке тұлғаны әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырушы. Ол болашақ жас азаматтың дене жетілуіне, шынығуына, рухани және адами дамуына, ең құнды жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты бағалауға, еңбек ету дидысын тәрбиелеуге ықпал жасаушы;
- отбасы бала тәрбиесінде адамзат қоғамының тарихындағы ғасырлар сынынан мүдірмей өткен ұлттық дәстүрді жалғастырушы;
- отбасының әлеуметтік міндеттерінің өзегі тәуелсіздікке не болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын құрметтеп, елжанды азамат тәрбиелеу;
- отбасы баланың мамандықты еркін және саналы таңдауына ықпал жасаушы;
- отбасы өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы.

В.А.Сухомлинский «Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.» дегендей мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі үшін тек ата-анамен бірігіп жұмыс істеу керек екенін ескерткен. Өзі тәжірибемде тәрбиенің отбасы бағытында «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы», «Бақытыңды балаңнан ізде», «Оқу мен тәрбие егіз» «Отбасы-алтын дінгек» «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі мен мектеппен байланысы» тақырыптарында ата-аналармен бірігіп ата-ана жиналысы мен тәрбие сағаттар жүргіздім. Отбасының бала тәрбиесінде алар орны мен маңызы жөнінде пікірталастар мен баяндамалар жүргіздім. Ата-аналарға балаларының тамағының тоқтығы мен көңілінің

көктігіне қарайтын, құр асыраушысы рөлінен шығып, ендігі жерде, сіздің алдыңызда баланың білім алу жолындағы серіктесі болу міндеті тұрғандығын еске салдым.

Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі-өнеге жиынтығының жемісі. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтпаепсы, еліміздің болашағы бүтінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Балалардың өздеріңізге бақыт сыйлайтын тұлға болып қалыптасуы, ата – аналар, сіздерге байланысты. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ сондықтан балаларыңыз елін, Отанын сүйетін азамат болып өсіп, сіздерді бақытқа кенелтсін десеніңдер бала тәрбиелеудегі қателіктерге жол бермейік! Ендігі ұрпақ – Мәңгілік Қазақтың Перзенті.